Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ.
ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497

**ПСИХОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ/
PSYCHOLOGY SERIES / СЕРИЯ ПСИХОЛОГИЯ**

ХҒТАР 15.41.49
DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-148-3-253-272
Ғылыми мақала

# Психологиядағы сиблингтік қатынастарды зерттеулерге шолу

**Қ.М. Муса[1], М.П. Кабакова[1], С.Қ. Бердібаева[1], З.М. Садвакасова[1], Ә.Қ. Байздрахманова[2]**

[1]*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан*
[2]*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан*

*(E-mail: kundyz2@mail.ru, pobedovna_70@mail.ru)*

**Аңдатпа.** Сиблингтер арасындағы қатынастар адам өміріндегі ең ұзақ, әрі маңызды қатынас болып табылады. Бала өмірге келген отбасы оның дамуының әлеуметтік жағдайы болып табылады. Демек бала өз ата-анасымен бірге өз сиблингтерімен қарым-қатынас жасау үстінде дамып, жетіледі. Оның адамның дамуына, тұлғалық қалыптасуына әсерін әлемде өте көп ғалымдар зерттеген. Бүгінгі күнге дейінгі психология ғылымындағы сиблингтік қатынастарды зерттеулерге шолу «сиблинг» ұғымына түсініктеме беруден басталып, психологиялық бағыттардағы сиблингтер арасындағы қатынастар түсініктеріне тоқталумен жалғасады. Одан кейін шетелдік, ресейлік және отандық психология ғылымындағы осы бағыттағы зерттеулерге талдау жасалды. Сиблингтік қатынастар адам өмірінің түрлі кезеңінде әртүрлі сипатта болуы мүмкін, оған әсер ететін факторлар да сан алуан. Сиблингтер өздерінің отбасындағы туылу ретіне байланысты белгілі-бір позицияға ие болады. Ол позиция сиблингтің дамуына және тұлғалық қалыптасуына, тіпті өмірде қол жеткізетін жетістіктеріне де әсер етеді. Әрине, сонымен қатар сиблингтердің жынысы да бұл жағдайда маңызды рөл атқарады. Мақалада сиблингтердің арасындағы қатынастарға отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі, анаға баланың бауыр басуы мен сиблингтердің аналарының бар болуы қалай әсер ететіндігі қарастырылған. Сонымен бірге, сиблингтердің бірінде физикалық немесе психикалық ауру болған жағдайдағы олардың өзара қатынастары да талқыланған.

**Түйін сөздер:** сиблингтер, сиблингтік қатынастар, отбасылық қарым-қатынас, дамудың әлеуметтік жағдайы, сиблингтің позициясы, тұлғалық даму.

**Түсті: 04.06.2024; Жөнделді: 25.07.2024; Мақұлданды: 22.08.2024; Онлайн қолжетімді: 25.09.2024**

## Кіріспе

Отбасы бала дамуына әсер ететін негізгі әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Жүйелік бағыт бойынша, отбасының үш түрлі жүйе ішілік бөліктері бар, олар: ерлі-зайыптылар, ата-ана – бала, сиблингтер [1]. Отбасының аясында балалар ата-аналарымен, сондай-ақ өзара қарым-қатынасқа түседі, осылайша сиблингтік қатынастар қалыптасады. Сиблингтік қатынастар, басқаша бауырлар арасындағы қатынастар баланың психологиялық және әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқарады.

Сиблингтер – бұл ата-анасы бір балалар. Тағы «жартылай сиблинг» деген де ұғым бар, ол ата-аналарының тек біреуі ғана биологиялық ортақ ата-ана болған жағдайда қолданылады [2]. Психологияда кең қолданысқа енген бұл ұғым, балалардың жынысын, туылу ретін бөліп жармай-ақ, жалпы бір отбасындағы балаларды белгілеу үшін пайдаланылады.

Психологияға «сиблингтер» деген түсінікті XIX ғасырда алғаш Ф. Гальтон мен А. Адлер енгізген болатын. Екеуі де отбасындағы баланың туылу реті, басқаша айтқанда баланың позициясы, оның тұлғалық дамуына, өмірлік жетістіктеріне әсер ететіндігін дәлелдеуге тырысқан [3].

Қазақ тілінде «сиблинг» деген сөз жоқ, бұл бізге шет тілден келген сөздер қатарынан (ағылш. siblings), оған мағынасы жағынан жақын сөз «бауыр» сөзі. Түсіндірме сөздікте «Бауыр. 1. Бірге туған қандас, ағайындас, туысқан адамдар. 2. Бір әкеден туған ағайынды адамдар. 3. Әйел адамның кіші інісі. 4. Жамағайын, жақын адам, туысқан. Бауыр санады. Жақын тұтты. Бауыр тұтты [көрді]. Жақын тартты, қимас туысындай көрді» деп ұсынылған [4]. Алайда қолданыста көбінесе, «бауыр» сөзін бір отбасындағы ұл балаларға қатысты пайдаланылады, сондықтан бауыр сөзі сиблинг ұғымын толыққанды қамтымауы мүмкін. Осы себептен сиблингтердің қатынастарын зерттеу жұмыстарына талдау жасау барысында, барынша түсінікті болу үшін осы «сиблинг» ұғымын қолданатын боламыз.

Сиблингтер арасындағы байланыс – бұл күрделі, әрі динамикалық қатынастар, олар әрбір адамның өміріне өте қатты әсер етуі мүмкін. Сиблингтер арасындағы қатынастардың тұлғалық дамудың түрлі аспектілеріне, соның ішінде әлеуметтік, эмоциялық және психологиялық әл-ауқатқа әсерін ашып көрсететін, бірқатар зерттеулер бар.

**Мақаланың мақсаты** – сиблингтік қатынастар бойынша шетелдік, ресейлік және қазақстандық зерттеулерге шолу жасау.

## Негізгі материал

Сиблингтер қатынастарының тұлғаның дамуына әсер ету мәселесін зерттеуде *психоанализдік* бағыттағы тұжырымдамалардың алатын орны ерекше. Ол зерттеулер тұлғалық дамудағы сиблингтік қатынастардың рөлін айқындауға алғаш қадам жасаған болатын. Баланың туылу реті, отбасындағы бала саны, сиблингтердің жыныстары, балалардың арасындағы жастық айырмашылықтары баланың психологиялық позициясына әсер етеді, ал ол өз кезегінде тұлғалық қырларға, қабілеттерге, мектептегі оқу


*ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497*

сапасына, құрдастармен байланысқа, болашақтағы үлкен өмірге де әсер ететіндігі талқыланған [5].

Классикалық психоанализде басқа бағыттардан бұрын бала мен ана арасындағы өзара байланыс қарастырылған болатын. З. Фрейд баланың қажеттіліктері мен туа берілген құмарлықтарын қанағаттандыруға, ләззат алуға ұмтылыстары либидодан бастау алады деп есептеген. Сондай-ақ ол баланың дұрыс дамуындағы ананың басты рөлін, баланың кейінгі тұлғалық және психикалық дамуы үшін оның анасына бауыр басуының маңыздылығын атап көрсеткен. Алайда З. Фрейд өз қорытындыларын тікелей бақылау жүргізу арқылы емес, үлкендерді ретроспективті талдау барысында жасағандығы белгілі [6].

*Индивидуалды психология* бағытында А. Адлер баланың отбасылық иерархияда алатын орны, атқаратын рөлі оның болашақтағы ересек өміріне түбегейлі әсер ететіндігін нақтылаған [7]. Сиблингтер динамикасын отбасылық өмірдің, тұлғалық дамудың орталығы ретінде қарастырып, Адлер оны өзінің индивидуалды психология теориясын да ұсынған. Ол әлеуметтік салыстыру мен отбасындағы биліктің ерекшеліктері, сиблингтердің арасындағы бәсекелестік тұлғалық дамуға міндетті түрде әсер етеді. Осы бәсекелестіктен сиблингтер түрлі бағыттарды таңдап, әртүрлі қасиеттер, дағдылар қалыптастырады. Адлердің теориясы өте көп сынға алынғанымен, кейінгі жылдарда оның психологиялық бейімделудегі сиблингтік динамиканың маңыздылығы туралы болжамы дәлелденген [8].

Аналитикалық психологияда К.Г. Юнгті де сиблингтердің туылу реті қызықтырған болатын. Алайда ол баланың өмірге келу реті емес, ата-ана қалыптастыратын отбасылық атмосфераның мағыздылығын айтады [9].

Көп жағдайда балалар өз сиблингтерімен бірге өседі және олардың бірге өткізетін уақыттары да көп [10, 11]. Бір отбасындағы сиблингтердің ортақ байланыстары бар, осы қайталанбас өзара байланыстар баланың дамуына міндетті түрде әсер етеді [12].

М. Руфо балалар мен ата-аналардың және сиблингтердің қарым-қатынастарын салыстырған болатын. Нәтижесінде, ол сиблингтердің қатынастарына қарағанда балалар мен ата-ана қарым-қатынастары ұзақтығы қысқа болатындығын айтып кеткен болатын [13].

Ресейлік зерттеуші М. Кузьмина көптеген жылдар бойы жалғасатын қатынастарға саналуан факторлар әсер ететіні белгілі екендігін айта келіп, сиблингтік қатынастардың ерекшелігі - ол жабық жүйеде басталады, онда баланың өз сиблингінің жынысы қандай болатынын және ата-анасынан қанша көңіл бөлетінін таңдау мүмкіндігі жоқ, деп түйіндеген. Сонымен қатар, сиблингтік қатынастар ортақ ата-аналардың, тұрғылықты жерінің және қоршаған ортаның болуына негізделген [14].

Жоғарыда айтылып өткендей, отбасылық өмірде қазіргі таңда күннен күнге өсіп келе жатқан ажырасу мәселесі де сиблингтердің қатынастарына өте қатты әсер етеді. Тек ажырасу ғана емес, оның салдарынан туындауы мүмкін қайта отбасын құру бір отбасында бір ата-анадан туылмаған немесе ата-аналарының тек біреуі ғана ортақ сиблингтердің қатынастарын зерттеу қажеттігін туындатып отыр. McHale et al. ұсынған АҚШ-тағы 2010 жылғы мәліметтер бойынша 10%-дан астам отбасыларда туған емес немесе асырап

алынған сиблингтердің бірге өмір сүріп жатқандығын білдіреді, бұл ажырасулардың, қайта некеге отырудың және бірнеше партнерлерден бала туу жағдайларының салдары болып табылады [15].

McHale және оның әріптестері, құрылымдық айнымалылармен жүргізілген ғылыми жұмыстар, бәсекелестік, жекелеген қатынастар немесе қорларды тарату секілді сибингтердің жағдайларын түсіндіреді деп есептелген әлеуметтік және психологиялық процестер тікелей өлшенбеген деген қорытынды жасаған [15].

D.P. Irish отбасындағы сиблингтердің жағдайы, ары қарайғы өмір бойына адамның жеке басының дамуы мен түрлі өзгерістерге бейімделуге икемділігіне әсер етеді, деп атап көрсеткен. Баланың даму, жетілу барысында, тұлға ретінде дұрыс қалыптасуында сиблингтердің ара қатынасы маңызды орын алатындығын ескерсек, осы мәселе бойынша эмпирикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады, деген. Сол кезеңде зерттеушілердің назары көбіне ата-ана мен бала арасындағы қатынастарға шоғырланған, ал сиблингтердің өзара қатынастары зерттеушілердің назарынан тыс қалып қойған [16].

1990-2011 жылдар аралығында жүргізілген зерттеу жұмыстарына талдау жасау барысында McHale өзінің әріптестерімен бірге ата-ананың тәрбиесі, некедегі жұбайлардың өзара қарым-қатынастары және әртүрлі жастағы балалардың құрдастарымен қатынастары сиблингтердің арасындағы қатынастарға қарағанда көбірек зерттелгендігін айтып кеткен болатын [15]. K.J. Conger мен L.F. Kramer сияқты, ата-аналардың және сиблингтердің арасындағы қатынастарды, байланыстарды жүйелі түрде зерттегендер де болды [17].

Алайда көбінде осы бағыттағы зерттеулер сиблингтердің және бір отбасындағы балалардың арасындағы қатынастардың дамуына ата-аналардың тәрбиелеу ерекшеліктері әсер ететіндігін көрсетеді [18, 19].

Ерте балалық шақта және ересек өмірдегі индивидуалды мінездемелерді шарттандыратын тұлғалық дамудағы туылу ретінің маңыздылығын дәлелдеген зерттеулер бар (Ф. Гальтон (1874), А. Йодер (1894), А. Эллис (1904), А. Адлер (1927), В. Томан (1959)) [5]. Ф. Гальтон сиблингтердің арақатынасын биографияларға талдау жасау арқылы зерттеп, тұңғыш балалардың өмірде жақсы жетістіктерге жету мүмкіндіктерінің басым болуын олардың тұңғыш балалардың құқықтары мен оларға жүктелетін жауапкершіліктермен байланыстырған [20].

Сонымен қатар, баланың өмірге келу реті, басқаша сиблингтің орны оның ақылой қалыптасуына, әлеуметтік, ғылыми, саяси жетістіктеріне, Мен-концепциясына, коммуникативті сауаттылығына, тіпті девиацияның пайда болу ықтималдығына да әсер ететіндігі көптеген зерттеулерде дәлелденген [7, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29].

Осы мәселе тұрғысында зерттеулердің бағыты XX ғасырдың екінші жартысында сиблингтердің жыныстық ерекшеліктері жағына ойысты [30, 31]. Олар сиблингтердің арасында жыныстық орналасу ата-аналар басқарып, реттеп отыратын жынысқа байланысты айрықша қатынастардың және сиблингтердің өздерінің бір-бірімен тікелей қарым-қатынастарының арқасында қалыптасады деген қорытынды жасаған болатын.

1956 жылы жүргізілген *H. Koch* зерттеулерінде баланың үлкендерге байланысты бағдарлары, дос таңдауы, әдеттері, эмоциялық аттитюдтары олардың сиблингтерінің

ерекшеліктеріне байланысты екендігі анықталған [31]. Отбасылық жағдайдың, яғни дамудың әлеуметтік жағдайының бала дамуына қалай әсер ететіндігін анықтауға бағытталған зерттеулер де бар [32, 33, 34].

Соңғы жылдардағы зерттеулерде де сиблингтік қатынастардың тұлғалық қалыптасуға, үйдегі тұлғааралық қатынастар жүйесіне және олардың өз жанындағылармен қарым-қатынасына әсері, сондай-ақ оның жыныстық бірдейлікпен, ақыл-ой қабілеттері мен тұлғалық ерекшеліктермен байланысы зерттелінген [35, 36, 37].

*R.B. Zajonc пен G.B. Markus* отбасының жалпы интеллектуалды деңгейі, ондағы балалардың санымен, олардың жас айырмашылықтарымен және олардың өз сиблингтерін оқыту мен олардан үйрену мүмкіндіктерімен анықталатын қызмет деп пайымдаған болатын [22].

C.C. Piotrowski мектеп жасындағы сиблингтерді зерттеп, бір-бірінен алыста жүрген сиблингтердің бір-біріне деген жылуы, аналарының позитиві төмен, негативі жоғары болса, бұл олардың жоғары просоциалды мінез-құлықтарымен байланысты болатындығын айқындаған. Жастары жағынан жақын сиблингтерде бұл ерекшелік байқалмаған. Автор сиблингтер арасындағы қатынастардың динамикасы және сол қатынастардағы рөлдер баланың просоциалды дамуында шешуші рөл атқарады деген қорытынды жасаған [38].

Жасөспірімдік кезеңге дейін сиблингтер қарым-қатынас бойынша ең көп таралған серіктестер болып қала береді, өйткені мектептен тыс уақытта бауырлар көп уақытты бірге өткізеді. A.C. Jensen және оның авторластары жасөспірімдік және жастық шақтағы сиблингтік әртүрлі қатынастарды талдап шыққан [39].

Z. Stoneman отбасындағы балалардың бірі мүгедек болған жағдайдағы сиблингтер арасындағы тұлғааралық қатынастар қарастырылған әдебиеттерге өзінің шолуында зерттеулерде көбіне сиблингтердің бір-біріне деген жылуы және жағымды бағдарлары, балалар жұптарындағы конфликтілер салыстырылатындығын атап көрсеткен. Сиблингтердің өздеріне алатын әлеуметтік рөлдері, рөлдік қатынастардың дамуы, отбасылық контекстегі сиблингтер қатынастарының дамуы және ата-ана назарының тек бір балаға шоғырлануы олардың өзара қатынастарына қалай әсер ететіндігі мәселелері толыққанды талданған [40].

Сиблингтік қатынастарды ғылыми зерттеу жұмыстарының арасында сиблингтердің бірі психикалық немесе физикалық ақауы бар болған жағдайдағы қарым-қатынас ерекшеліктері де зерттелген. T. Araten-Bergman, C. Bigby қытай және ағылшын тіліндегі ұсынылған зерттеу жұмыстарына талдау жүргізіп, сиблингтердің бірінде ақыл-ой кемістігі болғандағы қытай қоғамындағы сиблингтердің қатынастарын тұжырымдаған [41].

D.R. Samek пен M.A. Rueter отбасындағы қарым-қатынас, сиблингтердің жақындығы мен бағып алушы модельдерінің өзара байланысын қарастырып, қазіргі таңдағы сиблингтік қатынастардың саналуандығына назар аударды. Сиблингтер генетикалық тұрғыда, қаны бір туыстар ғана емес, сондай-ақ туыстық жақындығы жоқ адамдар да болуы мүмкін. Авторлар сиблингтер арасындағы жақындықтың отбасында қалай ынталандырылатындығын зерттеулердің аз екенін айта келе, егер отбасында


*ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497*

сиблингтердің өзара сөйлесуіне және конформизмге баса назар аударылса, ондай отбасындағы сиблингтердің өте жақын болатындығын дәлелдеген. Бағып алынған баланың жасы мен жынысы эмоциялық және мінез-құлықтық жақындыққа әсер ететіндігі айқындалды [42].

G.H. Brody, S. Kim, V.M. Murry және A.C. Brown сиблингтік қатынастарға түсетін балалардың өздерінің тұлғалық ерекшеліктері туралы да ұмытпау керектігін еске салады. Олардың арасында қалыптасатын ерекше қатынастарға ата-ананың да әсері бар екендігі сөзсіз. Ата-аналар балаларына бір-бірімен қалай дұрыс қарым-қатынас жасау керектігін айтып, түсіндіріп және түзетіп отырады, сонымен қатар отбасындағы үлкендердің өзара қатынастары мен олардың әрқайсысының балаға деген қатынасы да үлкен әсер етеді [43].

Ресейлік психологтардың ересек сиблингтік қатынастар мәселесін зерттеу жұмыстары өте аз деп есептейді О.В. Алмазова (И.Е. Козлова, О.А. Карабанова, А.В. Черников, Н.М. Зырянова, Ю.Д. Черткова, Н.В. Каленова, Н.В. Лукьянченко және т.б.). Бұл зерттеулер көбінесе сиблингтерді тәрбиелеу мәселесіне және туылу реті бойынша сиблингтердің жеке ерекшеліктеріне көбірек тоқталған екен [44].

О.В. Баскаева жасаған талдауында, зерттеулердің бағыты бұрын туылу ретіне, сиблингтердің жыныстары мен араларындағы жастық айырмашылыққа бағытталған болса, енді зерттеушілерді сиблингтердің тұлғалық ерекшеліктері қызықтыра бастағандығын айтады [45].

Зерттеу жұмыстарындағы қолданылатын әдістерге келсек, ертеректегі жұмыстар сандық зерттеу әдістеріне басымдық берген, алайда кейбір зерттеулерде олармен қатар бақылау әдісі пайдаланылған екен. Кейінгі зерттеулерде ғылымдағы аралас әдістер тәсілі қолданылғандығын көруге болады, яғни сұрақтамалар мен анкеталарға қоса зерттеушілер бақылау, проективті әдістер және т.б. сапалық талдау жасауға бағытталған әдістерді көбірек қолдануда.

Мәселенің Қазақстандағы зерттелуіне келсек, диссертациялық жұмыс деңгейінде сиблингтер қатынастарын зерттеген жұмыстар мүлдем жоқ деуге болады. Алайда сиблингтік қатынастарды қарастырған зерттеу жұмыстары бар. Солардың бірі, Г.А. Қасен мен З.Б. Мадалиева, олар сиблингтік қатынастардың тұлғалық дамуға әсеріне ғылыми талдау жасаған. Баланың туылу ретінің индивидтің дамуына шын мәнісінде әсер ететіндігін дәлелдеген авторлар, бұл мәселенің біздің елімізде әлі де жан-жақты зерттелуі тиіс деп санайды [5].

В.В. Бойко (1980), Т.П. Гаврилова (1981), В.Н. Дружинин (1996), Р. Зидер (1997), И.С. Кон (1989), Л.Ф. Обухова (1999), В.К. Шабельников (2003) және т.б. көптеген ресейлік және отандық ғалымдар отбасының дәстүрлі формалары өзгеріп келе жатқандығын атап көрсеткен. Атап айтқанда, олар заңды некеге тұрудың маңыздылығы өзгергендігін, ата-анамен, туған-туыстармен қатынастар әлсірегендігін, сонымен қатар адамдар некелік, сексуалды және репродуктивті, өзін сақтау мінез-құлықтарын бөліп қарастыра бастағанын көрсеткен [46].

С.М. Абрамзон (1957), В.В.Вострова (1956), Л.Н. Гумилев (1993), Н. Джандильдин (1971), Н.А. Кисляков (1969), А.Т. Малаева (1995), Э.А. Масанов (1966), Н.Э. Масанов


*ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497*

(1996), В.К.Шабельников (2002) және т.б. қазақ отбасы ғасырлар бойы қалыптасқан өзінің дәстүрлі типімен ерекшеленетіндігін атап көрсеткен. Қазақ отбасындағы қатаң сақталып, ғасырдан ғасырға, атадан балаға беріліп келе жатқан өте жақын туыстық қатынастарды атап көрсеткен, және баланың туылу ретіне байланысты қалыптасқан әр баланың атқаратын қызметтерін жіктеп көрсеткен ғылыми жұмыстар бар [46].

А.Д. Давлетова өзінің диссертациялық жұмысында, қазақ отбасыларындағы балалардың, туылу ретіне байланысты отбасы мүшелерін қабылдауда және олардың өзіндік бағалауларында айырмашылықтар бар екенін анықтаған. Сонымен қатар, қазақ отбасындағы баланың туылу реті оның отбасы мүшелерін қабылдауына әсер ететіндігі анықталған, тұңғыш балалар әкелеріне қарағанда аналарын идеалды түрде қабылдайды, ал ортаншы балалар аналарын тұңғыш балаларға қарағанда аздау идеалды қабылдайды екен. Ал әкелерін тұңғыш балалар біршама қолжетімді бейне ретінде қабылдаса, ортаншы балалар әкелерін жауапкершілігі бар адам ретінде қабылдайтындығы анықталған. Отбасындағы кенже балалар аналарын идеалды түрде қабылдайды, ал әкелерін қоғамның идеалы ретінде қабылдайды екен. Сондай-ақ, қазақ отбасындағы балалар өздерінің туылу ретіне қарамастан, өзара әрекеттестікте субъект-атқарушы позициясын ұстануға бейім болып келетіндігі де анықталған. Отбасындағы тұлға болып қалыптасып келе жатқан балалардың өзіндік бағалаулары олардың туылу ретіне байланысты болып шықты [46].

С.К. Унайбекова мен М.П. Кабакова әртүрлі, атап айтқанда, толық қанды (отбасындағы балалардың ата-аналары бір) және жартылай қанды (ата-аналарының бірі туған емес) отбасылардағы сиблингтік қатынастардың ерекшеліктерін қарастырған зерттеулерінде, толық отбасында тәрбиеленетін сиблингтерде өмірге деген қатынасты, қызығушылықтарды таңдауда ұқсастықтар бар екендігін анықтаған. Сонымен қатар, толық емес отбасындағы сиблингтермен салыстырғанда, толық отбасындағы сиблингтерде өмірлік тәжірибе және бастан өткерулер ортақ, алайда оларда басқа сиблингке билік ету ниеті кездеседі екен [47].

Қарастырылған барлық сиблингтік қатынастарды психологиялық зерттеулерді келесідей етіп кестеге уақыт кезеңі бойынша орналастырып, ұсындық (1-кесте).

Кесте 1

Сиблингтік қатынастарды шетелдік, ресейлік және отандық зерттеулер

| № | Уақыт кезеңі, елі | Авторлардың аты-жөндері | Ғылымға қосқан үлесі |
|---|---|---|---|
| 1 | Австрия | Alfred Adler | Психологияға «сиблингтер» деген түсінікті XIX ғасырда алғаш енгізгендердің бірі болған. Баланың отбасылық иерархияда алатын орны, атқаратын рөлі оның болашақтағы ересек өміріне түбегейлі әсер ететіндігін нақтылаған. Оның психологиялық бейімделудегі сиблингтік динамиканың маңыздылығы туралы болжамы дәлелденген |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Швейцария | Карл Густав Юнг (Jung) | Баланың өмірге келу реті емес, ата-ана қалыптастыратын отбасылық атмосфераның маңыздылығын айтады |
| 3 | 1874<br>АҚШ | F. Galton | Психологияға «сиблингтер» деген түсінікті XIX ғасырда алғаш енгізгендердің бірі болған. Отбасында тұңғыш балалардың өмірде жақсы жетістіктерге жету мүмкіндігі басқа балаларға қарағанда басым болатынын дәлелдеуге тырысқан. |
| 4 | 1956<br>АҚШ | F. Galton<br>A. Anastasi | Баланың өмірге келу реті оның интеллектуалды дамуына, жетістіктеріне, өзін-өзі бағалауына әсер ететіндігін дәлелденген. |
| 5 | 1956<br>АҚШ | H.Koch | Баланың үлкендерге байланысты бағдарлары, дос таңдауы, әдеттері, эмоциялық аттитюдтары олардың сиблингтерінің ерекшеліктеріне байланысты екендігі анықталған. |
| 6 | 1959<br>АҚШ | O.G. Brim | Зерттеулердің бағытын сиблингтердің жыныстық ерекшеліктері жағына ойыстырған. Сиблингтердің арасында жыныстық орналасу ата-аналар басқарып, реттеп отыратын жынысқа байланысты айрықша қатынастардың және сиблингтердің өздерінің бір-бірімен тікелей қарым-қатынастарының арқасында қалыптасады деген қорытынды жасаған. |
| 7 | 1963<br>АҚШ | S. Schachter | Сиблингтер дифференциациясының динамикасы оларды бәсекелестік пен қызғаныштан қорғайды. |
| 8 | 1964<br>АҚШ | D.P. Irish | Зерттеушілердің назарлары көбіне ата-ана мен бала арасындағы қатынастарға шоғырланған, ал сиблингтердің өзара қатынастары зерттеушілердің назарынан тыс қалып қойған. Отбасындағы сиблингтердің жағдайы, өмір бойына адамның жеке басының дамуы мен түрлі өзгерістерге бейімделуге икемділігіне әсер етеді. |
| 9 | 1973<br>АҚШ | H. Weiker | Туылу реті мен сырқат кезіндегі мінез-құлықтың арасындағы байланысты жастар мен қарттарды салыстыра отырып зерттеген. |
| 10 | 1975<br>АҚШ | R.B. Zajonc,<br>G.B. Marcus | Отбасының жалпы интеллектуалды деңгейі, ондағы балалардың санымен, олардың жас айырмашылықтарымен және олардың өз сиблингтерін оқыту мен олардан үйрену мүмкіндіктерімен анықталатын қызмет деп көрсеткен. Баланың өмірге келу реті оның ақыл-ой қалыптасуына, әлеуметтік, ғылыми, саяси жетістіктеріне әсер етеді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | 1981<br>АҚШ | S. Coopersmith | Баланың өмірге келу реті оның Мен-концепция-сына әсер ететіндігі дәлелденген. |
| 12 | 2001<br>Грузия | Z. Stoneman | Отбасындағы балалардың бірі мүгедек болған жағдайдағы сиблингтер арасындағы тұлғаара-лық қатынастар қарастырылған әдебиеттерге шолу жасаған. Сиблингтердің өздеріне алатын әлеуметтік рөлдері, рөлдік қатынастардың дамуы, отбасылық контекстегі сиблингтер қатынастарының дамуы және ата-ана назары-ның тек бір балаға шоғырлануы олардың өзара қатынастарына қалай әсер ететіндігі мәселелері толыққанды талданған. |
| 13 | 2003<br>АҚШ | G.H. Brody,<br>S. Kim,<br>V.M. Murry,<br>A.C. Brown | Зерттеу барысында сиблингтік қатынастарға түсетін балалардың тұлғалық ерекшеліктері де ескерілуі керек. Сиблингтердің қатынастарына ата-ананың да әсері бар. Ата-аналар балаларына бір-бірімен қалай дұрыс қарым-қатынас жасау керектігін айтып, түсіндіріп және түзетіп оты-рады, сонымен қатар отбасындағы үлкендердің өзара қатынастары мен олардың әрқайсысының балаға деген қатынасы да үлкен әсер етеді. |
| 14 | 2004<br>АҚШ | R. Sanders | Көп жағдайда балалар өз сиблингтерімен бірге өседі және олардың бірге өткізетін уақыттары да көп |
| 15 | 2006<br>Франция | М. Руфо | Сиблингтердің қатынастарына қарағанда ба-лалар мен ата-ана қарым-қатынастары қысқа болатындығын айтқан. |
| 16 | 2007<br>АҚШ | J.J. Suitor,<br>K. Pillemer | Сиблингтердің арасындағы қатынастардың да-муына ата-аналардың тәрбиелеу ерекшеліктері әсер ететіндігін көрсетеді. |
| 17 | 2010<br>АҚШ | K.J. Conger,<br>L.F. Kramer | Ата-аналардың және сиблингтердің арасындағы қатынастарды жүйелі зерттеген |
| 18 | 2011<br>АҚШ | D.R. Samek,<br>M.A. Rueter | Қазіргі таңдағы сиблингтік қатынастардың саналуандығына назар аударды. Сиблингтер ге-нетикалық тұрғыда, қаны бір туыстар ғана емес, сондай-ақ туыстық жақындығы жоқ адамдар да болуы мүмкін. Егер отбасында сиблингтердің өзара сөйлесуіне және конформизмге баса назар аударылса, ондай отбасындағы сиблингтердің өте жақын болатындығын дәлелдеген. Бағып алынған баланың жасы мен жынысы эмоциялық және мінез-құлықтық жақындыққа әсер ететін-дігін айқындаған. |
| 19 | 2011<br>АҚШ | A. Milevsky | Көп жағдайда балалар өз сиблингтерімен бірге өседі және олардың бірге өткізетін уақыттары да көп. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 20 | 2012<br>АҚШ | S.M. McHale,<br>K.A. Updegraff,<br>S.D. Whiteman | Ата-ананың тәрбиесі, некедегі жұбайлардың өзара қарым-қатынастары және әртүрлі жастағы балалардың құрдастарымен қатынастары сиблингтердің арасындағы қатынастарға қарағанда көбірек зерттелгендігін айтқан.<br>Құрылымдық айнымалылармен жүргізілген ғылыми жұмыстар, бәсекелестік, жекелеген қатынастар немесе қорларды тарату секілді сибингтердің жағдайларын түсіндіреді деп есептелген әлеуметтік және психологиялық процестер тікелей өлшенбеген деген қорытынды жасаған. |
| 21 | 2020<br>Австралия | T. Araten-Bergman,<br>C. Bigby | Қытай және ағылшын тілінде ұсынылған зерттеу жұмыстарына талдау жүргізіп, сиблингтердің бірінде ақыл-ой кемістігі болғандағы қытай қоғамындағы сиблингтердің қатынастарын тұжырымдаған. |
| | 2021<br>Австрия | M. Zemp,<br>A.S. Friedrich,<br>J. Schirl,<br>S. Dantchev,<br>M. Voracek,<br>U.S. Tran | Бір отбасындағы сиблингтердің ортақ байланыстары бар, осы қайталанбас өзара байланыстар баланың дамуына міндетті түрде әсер етеді |
| | 2022<br>АҚШ | A.C. Jensen,<br>S.E. Killoren,<br>N. Campione-Barr,<br>J. Padilla,<br>Bin-Bin Chen | Жасөспірімдік және жастық шақтағы сиблингтік әртүрлі қатынастарды талдап шыққан. |
| | 2023<br>Канада | C.C. Piotrowski | Мектеп жасындағы сиблингтерді зерттеп, сиблингтер арасындағы қатынастардың динамикасы және сол қатынастардағы рөлдер баланың просоциалды дамуында шешуші рөл атқарады деген қорытынды жасаған. |
| | 2023<br>Үндістан | A.B. Panchakshari,<br>G.K. Siddaraju | Сиблингтердің бірінде коммуникативті бұзылыс болғандағы олардың арасындағы өзара қатынастардың ерекшеліктерін зерттеген.<br>Сиблингтердің тіл мен сауаттылықтың дамуындағы маңызды рөл атқаратындығын дәлелдеген.<br>Сонымен қатар, олар аутизм, ақыл-ой кемістігі және тұтығу сияқты нақты бұзылыстарға байланысты сиблингтер қатынастарының ерекшеліктерін қарастырған. |
| Ресей | | | |
| | 1996<br>Ресей | Т.А.<br>Думитрашку | Баланың өмірге келу реті оның интеллектуалды дамуына, жетістіктеріне, өзін-өзі бағалауына әсер ететіндігі дәлелденген. |


*ISSN: 2616-6895. eISSN: 2663-2497*

| | | | |
|---|---|---|---|
| 27 | 1998<br>Ресей | Т.К. Карацуба | Сиблингтің орны оның әлеуметтік, ғылыми, саяси жетістіктеріне әсер ететіндігін атап көрсеткен. |
| | 2000<br>Ресей | И.В. Равич-Щербо | Баланың өмірге келу реті оның ақыл-ой қалыптасуына әсер ететіндігі дәлелдеген. |
| | 2000<br>Ресей | М. Кузьмина | Сиблингтік қатынастардың ерекшелігі - ол жабық жүйеде басталады, онда баланың өз сиблингінің жынысы қандай болатынын және ата-анасынан қанша көңіл бөлетінін таңдау мүмкіндігі жоқ. Сиблингтік қатынастар ортақ ата-аналардың, тұрғылықты жерінің және қоршаған ортаның болуына негізделген. |
| | 2010<br>Ресей | Н.В. Лукьянченко | Сиблингтік позицияның отбасындағы тұлғааралық қатынастар жүйесіне әсерлері және сиблингтердің өздерінің қоршаған адамдарымен өзара әрекеттестіктері тұрғысынан алынған, осы сиблингтік позициялардың ерекшеліктерін сипаттайтын әлемдік психологияда жинақталған материалдарға талдау жасап берген. |
| | 2011<br>Ресей | Н.А. Довгая | Отбасылық жағдай факторларының баланың эмоциялық дамуына қалай әсер ететіндігін анықтауға тырысқан. |
| | 2012<br>Ресей | Е.Л. Григоренко | Баланың өмірге келу реті оның коммуникативті сауаттылығына әсер ететіндігін зерттеген. |
| | 2013<br>Ресей | Т.В. Якимова | Дамудың әлеуметтік жағдайының бала дамуына қалай әсер ететіндігін анықтауға тырысқан. |
| | 2013<br>Ресей | Н.П. Ковалева | Сиблингтік позицияның жыныстық бірдейлікпен байланысын зерттеген |
| | | | Ресейлік психологтардың ересек сиблингтік қатынастар мәселесін зерттеу жұмыстары өте аз деп есептейді. Зерттеулер көбінесе сиблингтерді тәрбиелеу мәселесіне және туылу реті бойынша сиблингтердің жеке ерекшеліктеріне көбірек тоқталған екен. |
| | 2016<br>Ресей | Т.А. Гурко | Отбасылық жағдайдың баланың эмоциялық дамуына қалай әсер ететіндігін анықтаған. |
| | 2019<br>Ресей | Н.М. Лаптева,<br>Е.А. Валуева,<br>Е.А. Шепелева | Сиблингтік қатынастардың жыныстық бірдейлікпен байланысын зерттеген. |
| | 2021<br>Ресей | О.В. Баскаева | Бұрын зерттеулердің бағыты туылу ретіне, сиблингтердің жыныстары мен жастық айырмашылыққа бағытталған болса, енді зерттеушілерді сиблингтердің тұлғалық ерекшеліктері қызықтыра бастағандығын айтады |

| Қазақстан | | | |
|---|---|---|---|
| | 2003 Қазақстан | А.Д. Давлетова | Қазақ отбасыларындағы балалардың, туылу ретіне байланысты отбасы мүшелерін қабылдауда және олардың өзіндік бағалауларында айырмашылықтар бар екенін анықтаған |
| | 2022 Қазақстан | С.К. Унайбекова, М.П. Кабакова | Толыққанды (отбасындағы балалардың ата-аналары бір) және жартылай қанды (ата-аналарының бірі туған емес) отбасылардағы сиблингтік қатынастарды салыстырған |
| | 2023 Қазақстан | Г.А. Қасен, З.Б. Мадалиева | Баланың туылу ретінің индивидтің дамуына әсер ететіндігін зерттеу жұмыстарына шолу жасау арқылы дәлелдеген |

Ескерту: кесте жасалған шолудың нәтижесінде құрастырылды.

